

“Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар аудандық білім бөлімі”
мемлекеттік мекемесінің “Жем қаласының №5 ЖББОМ” коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің
№2 хаттамасы

27 қыркүйек 2024 жыл

Қатысқандар саны: 18

Шақырылғандар: 11 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

Күн тәртібінде:

1. “Жем қаласының №5 ЖББОМ” КММ директоры А.А.Жакасовтың мектепте өзін-өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебін тыңдау

Тыңдалды:

Е.Т.Есенғалиева -Қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Жем қаласының №5 ЖББОМ КММ 2024 жылдың 2 қыркүйек пен - 27 қыркүйек аралығында өзін- өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін- өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры А.А.Жакасовқа берді.

Сөйлеуші:

А.А.Жакасов- өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы “Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы” №486 бұйрығының 2-тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Жем қаласының №5 ЖББО мектебінің кезектен тыс өткізілген №2 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 2 қыркүйек-27 қыркүйек аралығы өзін өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелеріне тапсырмалар бөлініп берілді.Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына “жақсы” деген қорытынды берілді.Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жихазбен жабдықталуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4,9- сынып білім алушыларының ата-аналарынан және мектепалды даярлық сыныбының тәрбиеленушілерінің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9-сынып оқушыларынан онлайн форматында тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске

асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына “жақсы” деген қорытынды берілгендігі жөнінде айтып өтті.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Е.Т.Есенғалиева өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын айтып өтті.


Шешім етті:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері “жақсы” деп бағалансын.
2. Жем қаласының №5 ЖББОМ өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет-ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.


Кеңес төрайымы:

Хатшы:


Кеңес мүшелері:




Есенғалиева Е.Т.



Бисенова Г.У.




Кубаева Ж.Б.



Аманғали Б.А.



Қиясов С.



Нағашбекова А.Б.



Бекмуханова А.Б.



Избасарова Л.Ж.